

Молгаждаров Қ.К

ОРТА ҒАСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕР ТІЛІНДЕГІ ЖАЛҒАУЛЫҚ ШЫЛАУЛАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Молгаждаров К.К.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ СОЮЗОВ В СРЕДНЕВЕКОВЫХ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКАХ

К.К. Molgazhdarov

USE OF UNIONS IN MEDIEVAL MONUMENTS ALPHABET

УДК: 81/51

В статье были рассмотрены особенности союзов, которые были употреблены в памятниках средневековой тюркской письменности.

The article describes the features unions that have been employed in the monuments of medieval Turkic writing.

Көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тілінде шылау сөздер өз алдына бөлек категория болып қалыптасып, орта ғасырда құрамы мен қызметі жағынан дамыған. Жалпы шылаулардың дамуында көне түркі, орта ғасыр, қазіргі түркі тілдеріне тән негізгі ортақтық - етістіктің көсемше формалары мен есімдерге тән формалар арқылы көнеленіп шылаулану процесіне өтуі. Содан барып, біртіндеп тіл дамуында өзінің қолданылу аясына байланысты шылау сөз табының құрамына енген. Сонымен бірге орта ғасыр тілі дайын күйінде араб-парсыдан енген шылау сөздермен ерекшеленсе, қазіргі түркі тілдерінде славян тілдерінің элементтерімен өзгешеленеді. Ал көне түркі тілінде мұның бірі болмайтындығы белгілі.

Қазақ тіліндегі жалғаулықты шылау сөздерді арнайы зерттеген Р.Әміров шылау сөздердің өзіндік ерекшеліктерін айта келе, бұл сөз табының атқаратын қызметтерін басқа категориялардың бірде-біреуі атқара алмайтындығын және басқа да қасиеттерінің барын көрсетеді [1, 45 б.]. Мәселен, тіліміздегі «әлде» мағынасындағы көне түркілік «азу» жалғаулық шылауы М, Қашқари сөздігінде «иэ, яки» екі нәрсенің бірін таңдағанда ерікті, ықтиярлы екендігін білдіретін көмекші сөз деп беріледі: Үзүм йегіл азу қағун йегіл -жүзім жегін иэ қауын жегін [2, 118 б.]. А. Кононов (1980), А.М. Щербак (1987), М. Ресенен (1969) зерттеу еңбектерінде де азу сөзіне мысалдар келтіріліп, әлде мағынасында көрсетіледі. Мысалы: азу улуг бачағ күн азу кішіг бачағ күн - или великий пост, или малый пост [3, с. 205]. Бірақ, екі кезеңдегі жазба мұралар мәтіндерінде өте сирек қолданылады. Ал қазіргі түркі тілдерінің ішінде тува мен тофалар тілінде тарихи жалғасымын табады. Мысалы: тува тілінде: Даарта мен Кызылче азы Абаканче чоруур мен - Завтра я поеду в Кызыл или Абакан. Диң азы сырбык өртектиг өлүк бээр чараш аңчыгаш - Белка или (как ее иначе по-тувински называют) сырбык красивый зверок дающий ценную пушнину [4, с. 452]. Тофалар тілінде: Азы алыр мен баан, азы албас мен баан? - йли брать мне, или не брать? Аң дэскен билбедтм, чит алды бе, азы тыңнады бе? - Зверь убежал не знаю, то ли учуял, то ли услышал [5, с. 265]. Бұдан басқа да орта ғасыр жазба ескерткіштер тілінде жалғаулық шылаулардың өзіндік ерекшеліктері жоқ емес. Негізінен, жалғаулық шылау сөздердің қалыптасу тарихы басқа түрлеріне қарағанда кештеу болған. Қазіргі түркі тілдеріне ең көнекөз дерек ретінде болатын көне түркі руникалық жазба ескерткіштер тілінде бар-жоғы екеу ғана кездескен еді. Олар - йеме және азу тұлғалары. Ал қазіргі тіліміздегі жалғаулықтардың құрамын олармен салыстыруға да келмейді. Оның дамып жетілгені құрамының толығып, қызметі мен мағынасы жағынан бірнеше топқа бөлінетіндігінен-ақ байқалады. Мысалы: 1) ыңғайластық: мен (бен, пен), және, да/де/та/те, тағы, әрі; 2) қарсылықты: бірақ, алайда, дегенмеи (дей тұрғанмен), әйтпесе (әйтсе де), сонда дйЗйткеймен, болмаеа, ендеше, десек те (десе де); 3) талғаулықты: әлде, бірде, біресе, күй, мейлі, не, немесе, не болмаса, бірі, я, яки, кейде; 4) себептік: себебі, ейткені, неге десек; 5) салдарлық: сондықтан, сол себепті; 6) шарттық: егер, егер де, онда, онда да, алда-жалда. Жекелеген түркі тілдерінде мағыналық қызметі жағынан бөлінуі біркелкі емес. Мысалы, түрік, өзбек тілдерінде жалғаулықтар «сочинительные и подчинительные» деп 2-ге бөлініп, соның біріншісі іштей тағы 4-ке бөлінеді [6, с. 355; 7, с. 328]. Қырғыз тілінде де (а, ары, нары, анткени, андыктан, ошондуктан, бирок, болбосо, да, дагы, дале, деле, жана, же, жаки, не, эгер. Курделісі: ал эми, анткени менен, андай болсо да, ошондой болсо да, ошондой болгану менен, бирок да, же болбосо, жана да, жана дагы, ошол себептүү, ошон үчүн, неге десек) 4-ке және 2-ге бөліп жинақтаған [8, с. 378]. Түркімен тілінде де (ве, ки, хем, эмма, эгер, вели//велин, ^гса//ёгсам, чүнки, хем-де, у, билен, -да⁷-де, а, болса, йөне, болмаса, болса, муңа гарамаздан, гайта//гайтем, эйсе//эйсем, онда, я, кэ//кэте, ха, хала, бир, эйгесине бир, бейлесине бир//бір эйлесине, "бир сапар, бир гөрсең, барды-гелди, себэби, хачан) жақшаның ішінде көрсетілгендер 2-ге бөлінген [9, с. 434]. Сол сияқты татар, чуваш тілінде де (тезүче, ияртүче теркэгечләр) түркімен тілінікіне ұқсас келеді. Чуваш тілінде біріншісі 3-ке, ал екіншісі 4-ке бөлініп қарастырылады [10, с. 266; 11, с. 324]. Жалпы осы берілгендерден жалғаулықтардың мағынасына қарай бөлінуі әртүрлі екендігіне көз жеткіземіз. Дегенмен, осы негіздерге сүйене отырып, орта ғасыр жазба ескерткіштерінде қолданылған жалғаулықтарды да мағаналық қызметіне қарай 6 топқа жинақтап беруге болады: 1) Ыңғайластық: билен (биле, еле, или, била, бірле), һәм/хам, та/те (әрі,

және, да/де), йа, йана/және, же, ве. 2) Қарсылықты: бирак, эмма, лакин. 3) Талғаулықты: азу (элде), йа, яки (немесе, не, яки), бірі, йемесе, не, гаһ (я, яки), ара (кейде), бірі, кими. 4) Себептік: сәбәб, чүн кім (өйткені). 5) Салдарлық: сабабдин (себебдин). 6) Шарттық: агар (егер,

эгар, егар), қалы (халы), йокса, аваң. Осылардың ішінде «йа, уа, йәнә, һәм, егер» белсенділердің қатарына жатады. Қалғандары 2 мен 5-тің аралығында ұшырасады. Уа, йа, ьэм, йана (йәнә), бірле (бгиен, бше) тұлғалары эртүрлі қызметте болатындығымен ерекшеленеді. Сонымен бірге олардың ескерткіштерде қолданылуы біркелкі емес. Яғни, бірінде бары, екіншісінде кездеспейді. Дәлел ретінде осылардың ікфіек агар (егер, егір егар, эгар), қалы/халы, йокса, аваң; бирак (лакин, эмма) жалғаулық шылауларының зерттеу сипаттамасы арқылы көрсетелік. *

Агар (егер, егір егар, эгар), қалы/халы, йокса, аваң: Көмекші сөз * негізінде қалыптасуы орта ғасырдан басталады. Егер сөзінің мағынасында «қалы» формары да қолданылған. КТС-гі мен МҚС-інде қалы сөзінің «если, если бы» деген мағынада жұмсалатындығы берілген: 1) как? Каким образом? 2) если, если бы. Соның екіншісіне Құтты білік пен һибатул хақайықтан мысалдар алынған: Қалы тегді ерсә саңа күні басынч // бару кел маңа ай бу қабғу сақынч - Если ты будещь йспытьвать притеснения, /приди ко мне и расскажи об этих горестях (ҚБ). Екі нең біріксе бір ерте қалы /бөкөнді ол ерке мүрүввет йолы - если обе (эти) вещи соединяются в одном муже, /то для того мужа закрыта дорога доблести (ҺХ). Бұдан басқа қалы сөзімен омоним болып келетін қалы сөзінің де мағынасы көрсетілген. Сонымен қатар «аваң» тұлғалы шартты жалғаулық барына дәлелдемесі берілген: Аваң сен барса сен - Егер сен барсаң [12, с. 411; МҚ. III. 164 б.]. Осыған қарағанда қалы мен аваң сөздері кездейсоқ қолданыс емес, бұл басқа ескерткіштерден өзіндік (диалектілік) лексемалық ерекшелігін байқатады. Яғни, ҺХ-та «егер» формасы да қолданылса, ҚБ-те тек «қалы» формасы жүрген. Б.Сағындықұлының нұсқасында қалы сөзін халы деп береді: Халы чыкса бектин тишиңни сыйур (132) - Егер (тілін) шыға қалса, тісінді мықтап сындырады. Жалпы ҺХ-та қалы да, агар да біршама кездеседі. Көбіне, сөйлемнің басында келеді. Ал агар (егер, эгар) тұлғасы Құтты біліктен басқа жазба ескерткіштердің барлығында қолданылған. Мысалы: ДХ-те: Агар жауаб бермаса, уртагумдур дейді-а (7\$4) - Егер жауап бермесе, өртенемін дейтін-ді. РҚ-да жиі кездеседі: Агар рухсат болса сиздин бирнече мәсәлә сурсам деди (199) - Егер рухсат болса, сізден бірнеше мәселе сұрасам деді. Сол сияқты мәтінде «Егер сабыр қылсаңыз, егер жүз есе көбейтсе, егер қазасы жетіп өлсе, егер тағлым берсеңіз» т.б. болып, сөйлемнің басы, ортасы, аяғында келе береді. Басқа ескерткіштерде де кездеседі: ҚА: Егер бөйле өлдүрмезисең (42) - Егер осылай өлтірмесең, егер оғланчуғын гөрүрсе (46) - Егер баласын көрер болса; БК: агар мардсэн бол хазир (2) - егер мықты болсаң эзір бол. Агар фазылын бирла сурсаң (15) - Егер фазылыңменен сұрасаң; ХШ: егар қадғуда болсаң йа савунча (213) - егер болсаң қайғыда я сүйініште. Агар болса, сан андын йахшы сақлан (218) - Егер болса, сен одан жақсы сақтан; МН: эгар берса сүйурғаб хақ тағала (118) - Егер берсе шапағат хақ тағала. Ер эгар болса, сахават һәм кэрам (ЖС.252) - Ер егер де жомарт һәм мейірімді болса. Куманша-қазақша жиілік сөздікте «егер, егір» формаларында жұмсалатындығы көрсетілген [13, 60 б.]. Мұндай ортағасырлық қолданыстар жекелеген түркі тілдерінде де кездеседі. Мысалы: қазақ тілінде сөйлемнің басында, ортасында, соңында т.б. сөйлем құрылымына және шарттық қатынасты білдіруіне байланысты қолданыла береді. Мысалы: Сонау бақша ішінен табылармын, егер мені іздесең көңіліңе алып (Абай). Егер Айбол болмаса, Мүсәпір үй болудан қалған болар еді (Ә.Әбішев). Түркімен тілінде де мұны «обозначающие условие» деп қарастырады: Эгер барсаң, шо тайда гапының сакчысы мениң доганымдыр - Если доедешь, там часовой у двери мой брат [9, с. 444]. Қырғыз тілінде де «шарттуу байламталар» деп қазақ, түркімен тілдеріндегідей алынып, мынадай мысалдар берілген: Эгер макул дейт экен, азыр эле алып кете койгула. Эгер бул айтканымы аткарбасанар, анда мени менен илээшип убара болбогула т.б. [8, с. 384]. Қырғыз тілінде түркімен тіліндегідей шартты мәнді жалғаулықтарға «барды-гелди» тәрізді қос сөзді етістіктерді қосып қарамайды, мұндай ерекшелік тек түркімен тіліне ғана тән болып отыр. Себебі, бір топтағы түрік тілінде де ондай қос сөзді етістіктер берілмеген [6, с. 363]. Башқұрт тілінде де жалғаулықтар 6 топқа бөлінеді. Онда да «эгар, эгар зе» шарттыға жатқызылады [14, с. 129]. Яғни, қазіргі түркі тілдеріндегі жалғаулық шылаулар мағыналық қызметіне қарай эртүрлі топтастырылғанмен, «егер» шартты жалғаулық көбіне ортақ болып келеді. Бірақ, бұл тұлғада тува, хакас т.б. тілдерінде қолданылмайды. Оның мағынасында тува тілінде «бир эвес» тіркесі жүреді: Бир эвес билген болзумда, ынчанмас ийик мен -Если бы я знал, я бы так не постыпил [4, с. 453]. Хакас тілінде «полза» көмекші етістік сөзі арқылы беріледі: Танда иртек иртек ол папар полза, мин мында хонарбын - Если он завтра рано утром поедет (то) я начевать буду здесь [15, с. 276].

Жалпы орта ғасыр жазбаларында қолданылған егер шартты жалғаулық шылаудың қорытынды түйіні мынадай:

- Барлық қолданыста шартты жалғаулық шылау мағынасында көрінеді және негізі орта ғасырдан басталады.

- Орта ғасырда агар, эгар, егар, егер тәрізді нұсқалары қалыптасқан және қалы (халы), йокса, аваң тұлғалы синонимдері кейбір (ҚБ, МҚ, ҺХ, ЖС) жазба мұраларында қатар жүреді. Қазақ тілінде қалы, йокса тұлғалы жалғаулық жоқ, бірақ олардың мағынасында басқа жалғаулықтар бар және ортағасырлық «йокса» жалғаулығы бірінде сол мағынада жалғасын тапса, бірінде демеулік болады.

- Көбіне шартты рай формасындағы (бол, сур, бер т.б.) етістіктердің алдында тұрып байланысады және осы позицияда есім сөздерді ортасына алып та қолданылады.

• Қазіргі түркі тілдерінің барлығына «егер» формасы ортақ емес. Мәселен, оның мағынасы тува тілінде «бир эвес» тіркесі, хакас тілінде «полза» көмекші етістік сөзі арқылы беріледі. Бірақ, лакин, эмма: Бұлардың мағынасын қазақ тілінде «бірақ» формасындағы қарсылықты жалғаулық атқарады. Көне түркі тілінде бұл тұлға кездеспеген, ал орта ғасырда бірац түрінде және араб

Бирақ, лакин, эмма: Бұлардың мағынасын қазақ тілінде «бірақ» формасындағы қарсылықты жалғаулық атқарады. Көне түркі тілінде бұл тұлға кездеспеген, ал орта ғасырда бірац түрінде және араб тілінен енген синоним лакин, эмма сөздері қолданылған. Жазба ескерткіштерде қолдану жиілігі жағынан белсенді емес. Мысалы: Ұа, дуслар, күз йашидур анда бирақ. Мұстафаға үмат булсам игламай му? (ДХ.3544) - Иә, достар, көз жасы ғой, сонда бірақ. Мұстапаға үмбет болсам, жыламайым ба? Бірац жалғаулығына қарағанда, лакин түрі көбірек ұшырасады. Ол «ва, уа» формаларымен тіркесе жүреді. ҺХ-та: Ва лайкин бушарда шара арсланы (52) - Алайда, қаһарланғанда Шара арыстан сияқты. Ва лайкин ичинда назар нохошы (218) - Алайда, ішінде сүйкімсізі мың (сан). Кейбір ғылыми еңбекте «велекин» түрінде беріледі: муңум йок велекин кішілэр айур - недуга у меня нет, но люди говорят (есть) [16, 194]. БК-нда: «Уа лайкин қокубан сендин (20) - және бірақ сенен қорқып!» деп келсе, РҚ-да: «Лайкин бирнеча уақытғача йетадурган ауқатни ғамлап кирип ерди (194) - Алайда, ұзақ уақытқа жететін ауқатты қамдап алып кіріп еді» болып қолданылған. «Эмма» түрі де кездеседі: Эмма Хазрат Лұқпан зинданға кирурда хореклары үчүн қырық батман мүйүз алып кирип ярдилэр (194) - (зынданның) аузын бекітіп тастады. Бірақ, Хазрет Лұқпан зынданға түсерде қорегі үшін қырық батпан мейіз алып кіріп еді. Осының ішінде "лакин, эмма" дегендер қазіргі азербайжан, түркімен, башқұрт, өзбек т.б. тілдерінде жалғасын табады. Башқұрт тілінде бір сөйлемде қатар тұрып та қолданылады. Мысалы: «Характерно, что в народной речи эмма лэкин могут употребляться одновременно (как и русское «но однако»): ярап балам, ал инде, эмма лэкин йәнендән артық һакла- ладно сынок, бери уж, да только береги пуше души» [14, с. 128]. Азербайжан тілінде «анчаг, лакин, фәғәт, исә, һәлбуки, амма» дегендер қарсылықты жалғаулықтар. Осылардың ішінде лакин мен аммага мысал берілік: Тоз думан кими гатлашыб нәфәсләри тәнқидирди, лакин һамы буна алышмышды - От пыши, как от рассолившегося тумана, трудно было дышать, но все привыкли к этому. һәр икидин бир е]би вар, амма мән истәрдим ки, икид е]бсиз олсун - У каждого храбреца имеется какой-то недостаток, но я хотел бы, чтобы герой был без недостатков [17, с. 170]. Өзбек тілінде де «аммо, лекин, бироқ» сөздері қарсылықты жалғаулықтар. Мысалы: Хамма келди, аммо Рахам келалмади. Ой еритади, лекин иситмайди - Луна светит, но не греет. Бу олма ширин, бироқ бироз нишмаган [7, с. 329]. Жалпы қарсылықты жалғаулықтардың құрамдары да әртүрлі және орта ғасырдағы бірац формасы азербайжан, түркімен т.б. тілдерінде жоқ. Түркімен тілінде жеке де, күрделі түрінде де қолданылады. Мұнда «велин» жалғаулығы ве және лайкин формаларының (ве+лин-велин) бірігуінен қалыптасқан. Мысалы: Бу сынаг бирнече гезек гайталанды, эмма пейда бермеди - бұл сынақ бірнеше рет қайталанды, бірақ пайда болмады. Иигитлер шунча ковдулар велин, ол етдирмән, гөзлеринден гайып болды - жігіттер осыншама куды, бірақ ол жеткізбестен, көздерінен ғайып болды. Шейле шум хабар тапан адамыны йигренжек хем болдулар, эмма вели ол хабары гетирен чал саггал дайхан гүнәкәр дәлди - жаман хабарды жеткізген адамды олар жек көре жаздады, бірақ ол хабарды айтқан сақалды шал кінәлі емес еді. Сонымен қатар эмма жалғаулығын йөне тұлғалы сөз ауыстыра алады: Хава, бир ерде ишләрис дийип сөз бердик, йөне Марал бир йыл шәхерде ишлемәге галды - Иә, бір жерде істейміз деп сөз бердік, бірақ Марал бір жыл қалада жұмыс істеуге қалды. Сол сияқты «а» жалғаулығы да эмма сөзінің мағынасында жұмсалатындығы берілген. Жалпы түркімен тілінде қарсылықты жалғаулықтарға «эмма, а, әгсам, велин/вели, болса, йөне болмаса, гайта//гайтам, әйсе//әйсем т.б.» тұлғалары жатады [9, с. 439]. Ал «бірақ» тұлғасы жоқ. Қырғыз тілінде «қаршылагыч байламталар» деп аталынып, «а, ал эми, бироқ, антсе да, ошентсе да//ошондо да//ошондо дагы, анткени менен//ошенткени менен, ошон дой болсо да, ошондой болгону менен» тәрізді дара және күрделі жалғаулықтарды алынады. Мұнда эмма, лайкин тұлғалары қолданылмайды. Ал бироқ жалғаулығына мынадай мысал береді: Ажар күн-түн энеспши кашында, бироқ шордуу Ажардын тилеги кабыл болбоду. Зейнеп апа кызынын үйдөн алысташыш жактырган жок, бироқ Саадат өз билгенин бербей, көгөрүп туруп алды [8, с. 502]. Сол сияқты қазақ тілінде де қарсылықты жалғаулықтарға "бірац, алайда, дегенмен, әйтсе де, әйткенмен, сүйтсе де, сонда да, әйтпесе, әйткенде, әйтпегенде, онда да, болмаса, десек те, дей тұрғанмен, сүйткенмен» тәрізді дара және күрделі түрлерін жатқызып жүрміз. Қазіргі қазақ тілінде лайкин, эмма тұлғалы жалғаулықтар қолданылмайды. Ал «бірақ» формасы кең түрде жұмсалынады. Мысалы: Биыл жазда жаңбыр көп болады, бірақ шабандық шөп аз болады (газеттен). Ербол ғана сүйеп қалыш, зорға дегенде буынын бекітті, бірақ сонда да өзін-өзі аңғарып жүрген жоқ. Соңғы сөйлемде бірақ сөзі қос-қабат қарсылықты мәндегі (сонда да) жалғаулықтармен келгенде қарсылық мәні күшейе түседі. Сонымен орта ғасыр жазба мұраларында бірац, лакин, эмма тұлғалы қарсылықты жалғаулықтар қолданылған және лакин тұлғасы жиі жұмсалынған. Олар толығымен қазіргі түркі тілдерінде әрқайсында әртүрлі формада жалғасын табады. Осындай зерттеу негізінде сабабдин (сәбәб, чүн кім, себепдин), билен (бирле, біле, еле, или), уа, хам (һам), йа, йана (йәнә), же, йемесе, ве, та/те, бірі, кими т.б. жалғаулық шылауларға да сипаттама жасалғанды.

Жалпы орта ғасыр жазба ескерткіштерінде жалғаулықтардың қызметі ерекше болып келеді. Ең бірінші олардың ерекшелігі - универсалдылығы. Яғни, әрбір ескерткіште тіліміздегі бір мағынадағы жалғаулық сөз әртүрлі тұлғада беріледі және омоним ретінде шылаудан басқа бірнеше қызметі болады. Сонымен бірге жалғаулық шылау негізіндегі бір форма бірнеше мәндегі жалғаулықтың қызметінде көріне алады. Екіншіден, кейбір ескерткіште белгілі бір жалғаулық шылау бір нұсқада ғана жұмсалып, кейбірінде синоним ретінде

бірнеше түлгалары қолданылады. Үшіншіден, кейбір жалғаулық шылау барлық жазбаларға ортақ болса, кейбірі- бір-екеуімен шедтеледі. Төртіншіден, жалғаулық шылау негізінде көбі орта ғасырда қалыптасқан. Бесіншіден, кейбір жалғаулықтардың түлгалық нұсқалары болса, кейбірінің араб тілінен дайын күйінде енген синонимдері қатар жүреді. Алтыншыдан, ортағасырлық жалғаулықтар қазіргі түркі тілдерінің бірінде сол мағынасында, бірінде басқа мағынада, жалғасын тауып келеді. Сонымен орта ғасыр жазбаларында (нұсқаларын есептемегенде) «ағар (егер, егір, егар, эгар), цалы/халы, йоңса, аваң; бирац, лакин, эмма; чүн кім (өйткені), сабабдин (сэбэб, себепдин); билен (бирле, еле, или, била), уа, хам (нам); йа, йана/жэне (йэнэ), яки, ве, же, йемесе, та/те; не, азу, ган; ара; бірі, кими» тәрізді жалғаулық шылау сөздер қолданылған.

ЕСКЕРТПЕ: КТС - Древнетюркский словарь. Л.: Наука. АН СССР иностр. языкознания. 1969, -676 с. МҚС - Егеубай А.Қ. М.Қашқари Диуани лұғат-ит түрк. -Алматы: Хант, 1997-1998. I-III том. ҚА - Қорқыт ата кітабы. ОН - Оғызнама. ҚБ - Құтты білік. БК - Бақарғани кітабы. ДХ - Диуани хикмет. РҚ - Рабғузи қиссалары. ЫХ - Гибатул хақайиқ. МН - Махаббатнама. ХШ - Хұсрау-Шырын. ЖС - Жұмжұма сұлтан.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әміров Р., Жалғаулықтардың шығу тарихы. Алматы: Қазақ тілі мен әдебиеті, 1959. № 7. -45 б.
2. Егеубай А.Қ. М.Қашқари Диуани лұғат-ит түрк. Алматы: Хант, 1997-1998. I-III том.
3. Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі. Алматы: Санат, 1997. -319 б.
4. Исхаков Ф.Г., Пальмбах А.А. Грамматика тувинского языка. Фонетика и морфология. М.: Изд-во вост. лит., 1961. - 472 с.
5. Дыренкова Н.П. Грамматика ойратского языка. Изд: АН СССР М.,-Л., 1940. -304 с.
6. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. Изд-во АН СССР. М.-Л., 1956.-571 с.
7. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М.-Л.: Изд-во АН ССР, 1960. -446 с.
8. Грамматика киргизского литературного языка. Часть I. Фонетика и морфология. Фрунзе, 1987. -399 с.
9. Грамматикатуркменского языка. Фонетика и морфология. Ашхабад: Ылым, 1970. -503с.
10. Тумашева Д.Г. Хэзерге татар эдэби теле морфологиясе. Казан: Казан университеті нәшрияты, 1964. - 300 с.
11. Материалы по грамматике современного чувашского языка. 4.1. Морфология. Чебоксары, 1957. -362 с.
12. Древнетюркский словарь. Л.: Наука. АН СССР, иностр. языкознания. 1969. -676 с.
13. Құрышжанов А.Қ., Жұбанов А.Қ., Белботаев А.Б. Куманша-қазақша жиілік сөздік. Алматы: Қаз ССР «Ғылым» баспасы, 1978. -277 б.
14. Дмитриев И.К. Грамматика башкирского языка. М.,-Л., 1948. -272 с.
15. Грамматика хакасского языка. М.: Наука, .1975. - 418 с.
16. Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-III вв. из восточного Туркестана. М.. Л: Изд-во АН СССР, 1961.-204 с.
17. Грамматика азербайджанского языка. Фонетика, морфология и синтаксис. АН АзССР, Изд-во «Элм». Баку, 1971.-413 с.

Рецензент: д.филол.н., профессор Авакова Р.А.